

Идрышева Ж.Қ., Кульбаева А.Т.

Солтүстік Еуропа елдеріндегі көші-қон үрдісінің мәселелері

Бұл мақалада Солтүстік Еуропа елдеріндегі көші-қон үрдістерінің мәселелері, миграциялық дағдарысты шешудегі ұстанымдары қарастырылды. Солтүстік Еуропа елдеріне келуші мигранттардың өмір сүру жағдайының жақсы болуы, босқындар құқықтарының қорғалуы және мемлекеттік тұрғыда әлеуметтік-экономикалық жағдайының қамтамасыз етілуі олардың негізгі мақсаты болып табылады. Алайда, скандинавиялықтар мигранттар санының көптігіне наразылық білдіруде. Швецияға қарағанда дат үкіметі қазіргі босқындар ағыны басталмай тұрып-ақ, ЕО елдерінен келмеген мигранттар үшін талаптарды күшейтуге тырысуда. Әлеуметтік жеңілдіктер жүйесі шектелді, тұрғылықты тұру құқығын алу және отбасы мүшелерін әкелу қиындады, тіл және мәдениет бойынша қатаң емтихан тапсыру енгізілді. Миграциялық дағдарыс жалғасуда, Еуропаның толерантты деген елдерінің өзі антимиграциялық саясат жүргізуде. Бұл мәселені барлық Еуропа елдері ортақ миграциялық саясат ұстана отырып шешімге келуі керек.

Түйін сөздер: Еуропалық Одақ, Солтүстік Еуропа, Скандинавия елдері, көші-қон, босқындар.

Idrysheva Zh., Kulbaeva A.

The issues of migration processes in the Nordic countries

This academic paper is dedicated to analyze the issue of the migration process in the Nordic countries, and these countries' positions in settling this crisis. The main purpose of immigrants who live in these countries is to provide themselves with good conditions of life, protection of the rights of refugees and socio-economic support on the state level. However, the Scandinavian countries are unhappy with a large number of migrants. Unlike Sweden, the Danish government one after another has tried to tighten the rules for migrants from non-EU countries, starting this work even for a few years until current influx of refugees. In this case the access to the generous system of social benefits has been limited, it became more difficult to obtain the right of residence and bring family members, and stringent exams in language and culture have been introduced. Migration crisis is becoming more prolonged, and even the most tolerant countries in Europe are beginning to carry out anti-immigration policies. It is argued that migration crisis requires solutions based on a common immigration policy across Europe.

Key words: European Union, Northern Europe, Scandinavian nations, migration, refugees.

Идрышева Ж.Қ., Кульбаева А.Т.

Проблемы миграционного процесса в странах Северной Европы

В данной статье рассматриваются проблемы миграционного процесса в странах Северной Европы, позиций стран в решении миграционного кризиса. Основной целью иммигрантов являются обеспечения мигрантам, находящимся в Северной Европе, оптимальных условий жизни, защиты прав беженцев и их социально-экономическое обеспечение на государственном уровне. Однако скандинавские страны недовольны большим количеством мигрантов. В отличие от Швеции, датские правительства одно за другим пытались ужесточить правила для мигрантов не из стран ЕС, начав эту работу еще за несколько лет до сегодняшнего наплыва беженцев. Был ограничен доступ к щедрой системе социальных льгот, стало труднее получать право на жительство и привозить членов семей, ввели строгие экзамены по языку и культуре. Миграционный кризис затягивается, и даже самые толерантные страны Европы начинают проводить антииммиграционную политику. Миграционный кризис требует решения на основе единой миграционной политики всех стран Европы.

Ключевые слова: Европейский Союз, Северная Европа, Скандинавские страны, миграция, беженцы.

СОЛТҮСТІК ЕУРОПА ЕЛДЕРІНДЕГІ КӨШІ-ҚОН ҮРДІСІНІҢ МӘСЕЛЕСЕРІ

Солтүстік Еуропадағы миграциялық толқын жыл сайын артуда. Бұл аймақ ортақ тарихи, географиялық, саяси және мәдени құндылықтары бар Норвегия, Швеция, Дания, Финляндия және Исландия сияқты мемлекеттерден тұрады. Солтүстік Еуропа елдері тек Еуропа құрлығында ғана емес бүкіл әлем бойынша өмір сүру деңгейі ең жоғарғы аймақ. Экономикалық дамыған бұл елдердің өндірістік, әлеуметтік жағдайы және халықтың қоғамдық өмірге белсенді араласуы жоғарғы деңгейде болуы мигранттардың осы аймаққа қызығушылығын тудырады. Дегенмен демографиялық жағдайы төмен, жұмысқа қабілетті халықтың санының аз болуы бұл аймақ елдерінің де мигранттарға, шетелдік жұмыс күшіне тәуелді етуде. Солтүстік Еуропа мемлекеттеріндегі көші-қон үрдістері өзара ұқсас.

Солтүстік Еуропа елдеріне келуші мигранттардың мақсаты: өмір сүру жағдайының жақсы болуы, босқындар құқықтарының қорғалуы, мемлекеттік тұрғыда қамтамасыз етілуі. Дегенмен Шведтер, норвегтер, Дания және фин халқы бұл мемлекеттің қауіпсіздігіне кері әсер ететін ең басты қауіп деп түсінуде. Норвег халқының көп бөлігі келуші мигранттар норвег қоғамына араласпайды, жеке топтар құрып тек діни әңгімелер айтып, өздерін ұстаулары қоғамға жат деп айыптауда. Солтүстік Еуропаға көбінесе араб елдерінен келуші мигранттар құрап отыр. Скандинавия елдеріндегі мигранттарының көп бөлігін ұйғырлар, Непал, Иран, Пәкістан, Палестина, Сомали азаматтары құрайды. Басым бөлігі Осло қаласында қалуды көздейді. 5 мың АҚШ долларын беріп, Норвегия мемлекетіне қоныс аударады. Норвегияда өмір сүру өте қымбатқа соққандықтан, мигранттар билікке қарсы шығып шағын митингтер ұйымдастырып отырған.

Толерантты болып саналатын Скандинавия елдерінде, әсіресе оңшылдардың белсене бастағаны байқалады. Швецияда «ақ нәсілділердің үстемдігі үшін күресеміз» деген ұранмен 1980 жылдары құрылған «Швед демократтары» партиясы біртіндеп күшейіп келеді. Ресми мәліметтерге қарағанда, он миллион тұрғыны бар бұл мемлекет 2016 жылы 190 мың мигрантты паналатуы тиіс болған. Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі жақсы дамығандықтан, мигранттардың нөпірін қабылдап үлгермей жатқан көрші Норвегия «бұдан әрі Еуроодақтағы

ең төменгі көрсеткіш шегінде ғана босқын қабылдайтынын» хабарлады. Үкіметтің бұрынғыдан қатаң ұстанымы жергілікті экстремистерден аргументінің бір бөлігін «тартып» алатын болды.

Қазіргі таңда Дания билігі көптеген проблемалармен ұштасуда. Яғни мемлекетке мұсылман мемлекеттерінен келген адамдарға қатаң бақылау орнатып мемлекетке кіргізуден бас тартуда, себебі ұлттық құрамнан бұл мигранттар өте қатты айырмашылық жасайды деуде. Көптеген мигранттар жұмыс іздеу үшін, өмірлерін жақсарту үшін елге келсе, ал көбісі елдеріндегі азаматтық соғыстың салдарынан босқын атағына ие болып отыр. Мұсылмандар Солтүстік Африкадан, Таяу Шығыстан келуде. Билік тарапы антимиграциялық заңдар қабылдауда. 2015 жылдың басында Данияға баспана іздеуші халықтар саны артты. 3359 адам мемлекет шекарасына қашып келді. Олардың көбісі Сириялық азаматтар 1720 адам болса, қалғаны Сомали 126 адам, Иран 63, Ресейден 56 адам, Ауғанстаннан келуші мигранттар жыл басында 55 адам баспана сұрау мақсатында барған. Ал отбасыларды жақындату саясаты бойынша 2014 жылы Данияға 2070 адам келді [1].

Миграциялық толқынның күн санап артуы Еуропа құрлығы үшін маңызды мәселелердің бірі болды. Дегенмен Дания билігі бұл Еуропалық Одақтың ортақ саясатына қарсы шығып, керісінше миграциялық бақылау мен заңдарды қатаңдата түсті. Мигранттарға Данияның құндылықтарын сыйлауға, білуге, білім алу, қызметке тұру, шетел тілдерін меңгеруге, халықаралық гуманитарлық ұйымдардың қызметіне араласу және өздерін қамтамасыз ететін қаражат табуға тиісті. Өтініш беруші банктік гарантия 100 мың крон беру керек, әлеуметтік көмек 3 жыл мөлшерінде алмауы және дат мемлекетінің алдында қарыздары мүлдем болмауы керек. Бұл жүйе Еуропалық мемлекеттердің азаматтарына қатысты болмады. Сондықтан Еуропарламент тарапынан сынға ұшырады. Мигранттарға беретін әлеуметтік жәрдемақыларды керісінше азайтқандығы жайлы мәліметтер Ливан баспаларында шыққан. 2015 жылдың басында тек 100 адам ғана баспана сұрауға өтініш берсе, қалған мигранттар Финляндияға, Швецияға кеткен болатын.

Данияға келуші мигранттар да өздерін жайлы сезінбейді, ал жергілікті халық та мигранттармен ортақ өмір сүруге дайын болмаған. Себебі олар келуші мигранттар елдің тарихын, дәстүрін, құндылықтарын білмейтін, оқымайтын, оқуға талпынбайтын да,

олар, тек жағдайларын жақсарту үшін ғана келді деп айыптайды. 1996 жылы Дат халық партиясының жетекшісі Пиа Кьерсгор әлеуметтік-демократиялық партияның жетекшісін ұлттың құндылықтарын ескермейтін, мүдделерін орындамайтын сатқын деп айыптаған [2]. Дегенмен соңғы кездері жұмысшылардың жетіспеуі қатты байқалуда. Данияның ірі 10 компаниясының 6-уы соңғы 3 жыл бойы шетел қызметкерлеріне қатты тәуелді болды. 2020 жылға дейін Дания 100 мыңға жуық шетел жұмысшыларына тәуелді болады деген болжамдар бар. Батыстық емес иммигранттардың елге келуіне қатты шектеулер қойылды. Дания мемлекеті 2001 жылдан бері миграциялық қатаң тексерістің нәтижесінде 5,1 млрд кронды үнемдеп қалды. Мигранттарды мемлекет шекарасына аз мөлшерде қабылдады, себебі мигранттарға төленетін әлеуметтік көмекті үнемдеудің өзінен мемлекеттік қазынада 15,7 миллиард крон қалды. Ал батыс мемлекеттерінен келуші мигранттар қазынаға 2,2 миллиард крон жыл сайын алып келетін. Ал Еуропа мемлекеттері Данияның миграциялық саясатын сынға қатты алуда. Себебі билік адамдардың мемлекетке тиетін пайдасына ғана байланысты бөледі дейді. Дания халқы миграция мәселесін өте даулы тұрғыда қарастырып жатыр. Дания ұлтшылдар, жағымпаздар және еуропалық құқықты бұзушылардан тұрады деп айыпталуда [3].

Оңшыл радикалдық прогресс партиясының бұрынғы мүшелері 1995 жылы идеологиялық негізі ұлттық және әлеуметтік консерватизм болып табылатын Дат халық партиясын (ДХП) құрған. ДХП иммигранттар мен босқындардың ағынын және олардың мәдени ассимиляциясын қысқартуды талап етеді. 1998-2007 ж. өзінің электоралдық қолдауын екі есе арттыруының нәтижесінде парламентте үшінші позицияға көтерілді [4]. 2014 жылы Дат халық партиясының бастауымен тұрақты кедендік бақылау күшейе түсті. Қосымша шекараларға 50-ге жуық кеден қызметкерлерімен толықтырды. Бұл шаралар шекаралық қылмыстарды тоқтатуға көмектеседі деп санайды. Дегенмен Германия тарапы Дания билігінің қабылдап отырған бұл саясатын Шенген келісімін орындамай отыр, яғни тауарлар мен адамдардың еркін қозғалысына кері әсерін тигізіп отыр деп қатты сынға алды. Еуропалық эксперттер Данияға тексеріс жүргізу мақсатында барып, Дания билігінің саясатын төмен бағалады. Ішкі істер жөніндегі еурокомиссар Сесилия Мальстрем Дания ЕО барлық міндеттерін және Еуропада еркін кіру саясатын

орындау керек, егер орындамаса Еуропалық Сот алдында жауапқа тартылуы керек деген.

Өткен жылы Дания парламенті елден босқын мәртебесін сұраған мигранттардан құны 1500 еуродан асатын бағалы заттарын полицияның тәркілеуіне рұқсат беретін жаңа ережені мақұлдады. Алынған бағалы заттар, билік мигранттардың ісін қарап, тиісті шешім шығарғанша, олардың жатын орны мен тамағының ақшасын өтеуге жұмсалады [5]. 2015 жылы Данияға 20 мыңға жуық мигрант барған. Бұл Еуропалық Одаққа мүше-елдер арасында жан басына шаққандағы ең жоғарғы көрсеткіш. БҰҰ бас хатшысының өкілі Стефан Дуярич Дания билігінің шешімін сынап, «Еуропаға ұмтылған босқындарға аяушылықпен және құрметпен қарауға» шақырған. Ол бұған қоса босқындарға барлық тиісті құқығы берілуі тиіс екенін де айтқан. Дания оппозициясы жаңа ережені «жиіркенішті ұлтшылдық» және мигранттарды «үркітудің нышаны» деп атады.

Норвегия иммиграциялық бақылау орталығының мәліметінше мигранттардың саны немесе мигранттардың отбасында туылған барлық иммигранттардың саны 655 мың адамды құраған (Норвегия халқының 13,1% құрайды) 547 мың адам мигранттардың 1-ші буынына жатса, ал 108 мың адам иммигранттардың 2-ші буынына жатады. Сол сияқты 294 мың иммигранттар еуропалықтар, 163 мың адам азиялықтар, 60 мың адам африкалықтар, 18 мың адам Орталық және Оңтүстік Америкалықтар болса, қалған 11 мың адам Солтүстік Америка мен Океаниялықтар болып табылады. Норвегияда, әсіресе Польша, Швеция, Германия, Латвия және азиялық пен африкалық мигранттар көптеп кездеседі. Норвегияда иммигранттардың отбасында туылған 57100 адам азиялықтар болып табылады. 29 мың адамның ата-аналары еуропалық болса, 19500 адам африкалықтар, ал қалған 2600 иммигранттар миграцияның екінші буынына жататын Оңтүстік және Орталық Америкалықтар болып табылады [6].

Ресей жағы босқындарды қайтару тәртібін «жан-жақты талқылауға» ниет танытқандықтан былтыр Норвегия билігі ел аумағына Ресейден келген босқындарды депортациялауды уақытша тоқтатты. Оған дейін Ресейден шекара арқылы өтіп, босқын мәртебесін алуға тырысып жүрген мигранттарды Ресейге қайтара бастағаны хабарланған. Былтырғы жылы Сирия, Ауғанстан және Ирактан шыққан бес жарым мыңнан аса мигрант Норвегияға жету үшін Мәскеу, Мурманск және Никель арқылы «арктикалық бағытты» таңдаған. ВВС-дің хабарлауынша, Ре-

сей заңдары бойынша шекараны жаяу кесіп өтуге тыйым салынғандықтан, мигранттар велосипед сатып алып, сонымен шекарадан өткен.

Солтүстік Еуропа елдерінде, әсіресе Швецияда саяси баспана сұрағандардың саны күн санап артып келеді. Ауғанстан тұрғындары солардың қатарын құрауда. Бір аптаның ішінде 4333 ауғандықтар, 2719 сирия азаматтары миграциялық ұйымдарға баспана сұраушылардың қатарына тіркелді. 2015 жылдан бері Швеция билігі 100 мыңға жуық мигранттарды қабылдады [7]. Бұл мемлекетте босқындарды қоныстандыратын мекемелердің жетіспеушілігінен босқындарды қонақ үйлерде, кемпингтерде және бос кеңселерде орналастыруда. Миграция мәселесі бойынша министр Морган Юхансон және Қаржы министрі Магдалена Андерссон ендігі кезекте Швеция басқа босқындарды қабылдай алмайтындықтарын мәлімдеді [8]. Швеция 2015 жылдың 12 қарашада шекаралық бақылауды күшейтті. Ендігі кезекте елге келуші барлық мигранттар елдің шекарасына кіру үшін ұзақ тексерістен өтеді.

Ал Дания билігі болса босқындарға 5 жыл көлемінде босқын статусын беруден бас тартып отыр. Кем дегенде 2-3 жыл шамасында беріледі. Отбасыларға қатысты саясат та өзгере түсті. Ендігі кезекте мигранттар отбасыларын Данияға шақыра алмайды, яғни мемлекеттік билік елге келуші отбасылық мигранттардан барлық визаларды талап етеді. Ал Норвегия болса Шведтер сияқты шекаралық бақылауды қатаңдата бастады. Ал Финляндия болса босқындар орналасқан мекемелердің көп бөлігін жапты. Себебі қауіпсіздікке жауап беруші полицейлер бұл босқандар орналасқан ауданға бару үшін ұзақ мерзімді қамтиды. 30-35 мың азамат саяси баспана сұраушылардың қатарына тіркелді. Мемлекетке көптеген босқындар Швеция арқылы келетінін жариялады. Сол сияқты Фин үкіметі босқындар мемлекеттің дәстүрін, заңдарын, қоғамдағы әйелдердің ролін айқын білу керек деп отыр. ЕО шекарасына 2015 жылдың алғашқы 10 айында 1.2 миллион мигрант келді [9]. Ал босқындардың көп бөлігі Германия, Норвегия, Швеция, Финляндия, Дания сияқты елдерге барғылары келетіндерін мәлімдеді. Сондықтан бұл мәселе қазіргі таңның бірден-бір өзекті мәселелеріне айналып отыр. Сондықтан Солтүстік Еуропа елдері көші-қон саясатын жеке дара қабылдай алмайды. ЕО-ның барлық елдері бұл мәселені қарастыру арқылы жүзеге аспақ.

Швеция 2015 жылы елге келіп, босқын мәртебесін сұраған өтініштері қанағаттандырылмаған 80 мыңға тарта мигрантты елден

шығармақ ниетін Швеция ішкі істер министрі Андерс Игеман мәлімдемесінен білеміз [10]. А. Игеманның швед ақпарат құралдарына берген мәлімдемесінде, қазір 60 мың адамды елден шығару жоспарланған. Бірақ бұл сан алда 80 мыңға жетуі мүмкін. Үкімет миграция мәселесімен айналысатын органдардан мигранттарды елден күштеп шығаруды ұйымдастыруды сұраған. Игеман босқын мәртебесі берілмейтін мигранттар саны көп болуына байланысты елден коммерциялық ұшақтармен емес, арнайы үлкен ұшақтармен шығарылатынын айтады. 9,8 миллион халқы бар Швеция – Еуропа Одағы елдері арасында тұрғындарының жан басына шаққанда мигранттарды ең көп қабылдаған ел болып отыр. Швеция 2015 жылы 160 мыңнан астам мигрантты қабылдаған. Олардың көпшілігі Ауғанстан, Пәкістан, Ирак және Сириядан шыққандар.

Финляндия билігі 2015 жылы елге босқын мәртебесін сұрап келген 32 мың мигранттың жартысынан астамын елден шығару ниеті бар екенін жариялады. Финляндия ішкі істер министрі Паиви Нерг [11] босқын мәртебесін сұрағандардың үштен екісінің өтініші қанағаттандырылмайтынын мәлімдеді. Нергтің сөзінше, өтінішінен бас тартылған 20 мыңға тарта адамды елден шығару шарасы алдағы бірнеше айда жүзеге асырылатыны туралы айтылады. Финляндияда қалғысы келетіндерге ең жоғары талап негізінен Ирак, Ауғанстан және Сомалиден шыққан азаматтарға қойылады. 2015 жылы Финляндия үкіметіне босқын мәртебесін беруді сұраған өтініштердің 20 мыңнан астамы Ирактан барған мигранттардан түскен. Министрдің сөзінше, Финляндия билігі депортацияланатын мигранттарға арналған екі лагерь жасақтайды. Оның бірінде Финляндиядан өз еркімен кетуге дайын мигранттар, екіншісінде мәжбүрлі түрде шығарылатындар тұрады. Босқын мәртебесін беруден бас тартылғандардың шамамен 4 мыңы өтінішін өз еркімен қайтарып алған. Финляндия мигранттардың Арктика арқылы келетін жолын жабу туралы Ресеймен келіссөз жүргізуде. Өткен жылы Норвегия Ресей территориясы арқылы келетін босқындарға шекарасын жапқан соң Ре-

сейдің Финляндиямен шекарасында мигранттар көбейген.

Еуропалық статистикалық агенттіктің пайымдауынша алдыңғы 2060 жылға дейін мигранттар ЕО-да халық саны 58 миллионға көбейеді. Еңбекке жарамды халықтың саны да 50 млн кеміп кетеді. Барлық халықты жұмыспен қамтамасыз ете алмайды [12]. Сондықтан бұл мәселені ЕО шеңберінде бірлесіп шешу керек. Ресей ғылыми академиясында ЕО-ның Ресейдегі өкілі, саяси бөлім сарапшысы Яни Таивалантти мен Бильфельд университетінің ғылыми қызметкері Дениз Нергиз ЕО-ның қазіргі кездегі миграциялық саясаттағы жеткен жетістіктерін мақтап, ЕО саясатын қолдап отыр. Ал Ресей ғылыми академиясының Еуропалық интеграцияны зерттеу бөлімінің басқарушысы О.Ю. Потемкина ханым бұл миграциялық үрдісті «Миграцияның дағдарысы» немесе «Иммиграциялық саясаттан шаршаған Еуропа» деп айтты [13].

Сонымен Еуропадағы ең қатал миграциялық саясат ұстанатын Дания билігі ұсынып отырған шаралар миграциялық дағдарысты шешудің мүмкіндігін қарастырады. Мигранттарды барлық Еуропа мемлекеттеріне жіберіп қоймай, мигранттардың легі келіп жатқан мемлекеттерде арнайы орталықтар ашып, сол мемлекеттерде ғана барлық саяси баспана беру туралы мәселелер қаралу керек. Босқындар легі тоқтамай жатқан аудандарда, яғни Грекия, Италия сияқты мемлекеттерде барлық ЕО елдері ортақ шешімге келіп, осы мемлекеттердің шекарасында босқындарға саяси баспана беруші орталықтар ашу. Қазіргі таңда мұндай орталық тек Грекияның Лесбос аралында ғана орналасқан. Сондықтан ЕО бірауыздан мұндай орталықтар санын бірнеше есе арттырып, тікелей Грекия мен Италия елдеріне қаржылай көмек көрсету арқылы және Түркия мемлекетімен де жабық орталықтарды түрік шекарасында ашу жайлы ЕО келісімдерге келген жағдайда шешімін табу ықтималдығы бар. Қазіргі таңның басты проблемаларының бірі болып отырған бұл мәселені барлық Еуропа елдері ортақ миграциялық саясат ұстана отырып шешімге келуі керек.

Әдебиеттер

- 1 Миграционный кризис в Европе // Подробнее на ТАСС // <http://tass.ru/migracionnyy-krizis-v-evrope>
- 2 Васильева Т.А. Миграционная политика, гражданство и статус иностранцев в странах западной демократии (сравнительно-правовое исследование): автореф. дис...док.юр. наук. – М., 2010. – 55 с.
- 3 Новые правила для мигрантов в Дании//<https://www.euromag.ru/denmark/46275.html>2016.27.01
- 4 Тулупов Д.С. Современная политика «Датской народной партии» в отношении иммигрантов// www.politex.info/content/view/406/30

- 5 Дания принимает закон об изъятии ценностей беженцев //www.bbc.com/russian/international/2016/01/160126_denmark_migrants_law
- 6 Аршба О.И. Иммиграция, интеграция натурализация. Опыт западноевропейских стран. – М.: Издательство Института Гайдара, 2012. – С. 132.
- 7 Миграционная служба Швеции за неделю приняла более 10 тысяч беженцев//http://ria.ru/world/20151109/1317186407.html
- 8 Почему Швеция и Дания закрыли двери для беженцев?// https://inosmi.ru/politic/20160930/237944697.html
- 9 Финляндия закрывает часть центров приема беженцев из соображений безопасности// Подробнее на ТАСС // http://tass.ru/mezhdunarodnaya-panorama/2480167
- 10 Власти Швеции депортируют до 80 тысяч мигрантов в течение нескольких лет///lenta.ru.articles/2016/01/28/raus
- 11 Финляндия планирует выслать 20 тысяч беженцев// http://www.eurointegration.com.ua/rus/news/2016/01/28/7044052/
- 12 Говорова Н. Социальная политика. Европейский Союз: факты и комментарии, выпуск 63-64: январь-июнь 2011. С.24. URL: http://www.edc-aes.ru/data/edcaes/content/user_files/images/63-64.pdf
- 13 Миграция в Европе. Реалии и вызовы // file:///C:/Users/1/Desktop/ /ран.миграция.pdf

References

- 1 Migracionnyy krizis v Evrope//Podrobnее na TASS//http://tass.ru/migracionnyy-krizis-v-evrope
- 2 Vasil'eva T.A. Migratsionnaya politika, grazhdanstvo i status inostrantsev v stranakh zapadnoi demokratii (sravnitel'no-pravovoe issledovanie). Avtoref.dis...dok.yur.nauk. – М., 2010. – 55 s.
- 3 Novyye pravila dlya migrantov v Danyi// https://www.euromag.ru/denmark/46275.html2016.27.01
- 4 Tulupov D.S. Sovremennaya politika "Datskoi narodnoi parti" v otnosheniy immigrantov // www.politex.info/content/view/406/30
- 5 Daniya prinimaet zakon ob iz'yatyy zennostei bezhentzev //www.bbc.com/russian/international/2016/01/160126_denmark_migrants_law
- 6 Arshba J.I.Immigratsiya, integratsiya, naturalizatsiya. Opyt zapadnoevropeiskix stran. – М.: izdatel'stvo Instituta Gaidara, 2012. S. 117-118.
- 7 Migratsionnaya sluzhba Shvetsi za nedelya prinyala bolee 10 tysyach bezhentsev//http://ria.ru/world/20151109/1317186407.html
- 8 Pochemu Shvetziya i Daniya zakryli dver' dlya bezhentzev?// https://inosmi.ru/politic/20160930/237944697.html
- 9 Finlyandiya zakroet chast' tse ntrov priema bezhentcev iz soobrazheniy bezopasnosti// Podrobnее na TASS// http://tass.ru/mezhdunarodnaya-panorama/2480167
- 10 Vlasti Shvetziy deportiruet do 80 tysysh migrantov v techenie neskol'kikx let//lenta.ru.articles/2016/01/28/raus
- 11 Finlyandiya planiruet vyslat' 20 tysyach bezhentsev// http://www.eurointegration.com.ua/rus/news/2016/01/28/7044052/
- 12 Govorova N. Sotsial'naya politika. Evropeiskiy Soyuz: fakty i kommentariy, vypusk 63-64: yanvar' -iyun' 2011. S.24 URL: http://www.edc-aes.ru/data/edcaes/content/user_files/images/63-64.pdf.
- 13 Migratsiya v Evrope. Realii i vyzvyvy// file:///C:/Users/1/Desktop/ /ran.migratsiya.pdf